

**Ақмола облысы әкімдігінің 2022 жылғы 3 мамырдағы № А-5/222 "Ақмола облысының су объектілерінің су қорғау аймақтары мен белдеулерін, оларды шаруашылыққа пайдаланудың режимі мен ерекше жағдайларын белгілеу туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

Ақмола облысы әкімдігінің 2022 жылғы 7 қарашадағы № А-11/522 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 14 қарашада № 30508 болып тіркелді

Ақмола облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақмола облысы әкімдігінің "Ақмола облысының су объектілерінің су қорғау аймақтары мен белдеулерін, оларды шаруашылыққа пайдаланудың режимі мен ерекше жағдайларын белгілеу туралы" 2022 жылғы 3 мамырдағы № А-5/222 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28000 болып тіркелген) қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының 1-қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Ақмола облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін оны Ақмола облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ақмола облысының әкімі*

*Е.Маржикпаев*

**"КЕЛІСІЛДІ"**

*"Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрлігі  
Санитариялық-эпидемиологиялық  
бақылау комитеті  
Ақмола облысының  
санитариялық-эпидемиологиялық  
бақылау департаменті"  
республикалық мемлекеттік  
мекемесі*

**"КЕЛІСІЛДІ"**

*Қазақстан Республикасы экология,  
геология және табиғи  
ресурстар министрлігі  
Су ресурстары комитетінің  
Су ресурстарын пайдалануды  
реттеу және қорғау жөніндегі*

Ертіс бассейндік инспекциясы"  
республикалық мемлекеттік мекемесі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы экология,  
геология және табиғи  
ресурстар министрлігі  
Су ресурстары комитетінің  
Су ресурстарын пайдалануды  
реттеу және қорғау жөніндегі  
Есіл бассейндік инспекциясы"  
республикалық мемлекеттік мекемесі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы экология,  
геология және табиғи ресурстар министрлігі  
Су ресурстары комитетінің  
Су ресурстарын пайдалануды  
реттеу және қорғау жөніндегі  
Нұра-Сарысу бассейндік инспекциясы"  
республикалық мемлекеттік мекемесі

Ақмола облысы әкімдігінің  
2022 жылғы 7 қарашадағы  
№ А-11/522 қаулысына  
қосымша

Ақмола облысы әкімдігінің  
2022 жылғы 3 мамырдағы  
№ А-5/222 қаулысына  
1-қосымша

## Ақмола облысының су объектілерінің су қорғау аймақтары мен белдеулері

№ р/б	Су объектісінің атауы	Орналасқан жері	Су қорғау аймағының ені (метр)	Су қорғау белдеуінің ені (метр)
1	2	3	5	6
Көкшетау қаласы				
1	Қылшақты өзені	Көкшетау қаласы	500	35-100
2	Қопа көлі	Көкшетау қаласы	500	35-75
3	Шағалалы өзені	Көкшетау қаласы	500	35-100
Қосшы қаласы				
4	Нұра-Есіл арнасының учаскесі	Қосшы қаласының оңтүстік-шығыс жағынан, Нұра-Есіл арнасының 4,6 шақырымында	500	35
Степногорск қаласы				
5	Ақсу өзені арнасының учаскесі	Степногорск қаласының аумағында	500	35

5-1	Ақсу өзенінің ұзындығы 2,87 шақырым учаскесі	Степногорск қаласының аумағында (шығыс бойлықтың №1 нүктесінің координаттары шегінде шығыс бойлықтың 71° 57'45.144" және солтүстік ендік 52° 24'32.909" – №2 нүктесі шығыс бойлықтың 71° 57'9.431" және солтүстік ендік 52° 24'54.137")	500	35
Ақкөл ауданы				
6	Жарлыкөл көлі	Ақкөл ауданы, Еңбек ауылдық округі жерлерінің шекарасында	300	35-50
7	Еңбек көлі	Ақкөл ауданы, Еңбек ауылдық округі, Еңбек ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 4 шақырымда	300	100
8	Кенжеғалы көлі	Ақкөл ауданы, Еңбек ауылдық округі, Домбыралы ауылының оңтүстік-батысында	500	100
9	Соленое көлі	Ақкөл ауданы, Еңбек ауылдық округі, Домбыралы ауылының оңтүстік-батысында	300	35
10	Жарсор көлі	Ақкөл ауданы, Азат ауылдық округі	500	35
11	Краснобор су қоймасы	Ақкөл ауданы, Радовка ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 2,5 шақырымда	500	35
12	Голубая Нива бөгеті	Ақкөл ауданы, Еңбек ауылдық округі, Еңбек ауылынан солтүстік - батысқа қарай 4 шақырымда	300	100

13	Пиявочное бөгеті	Ақкөл ауданы, Еңбек ауылдық округі, Еңбек ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 12 шақырымда	300	100
14	Ивы тоғаны	Ақкөл ауданы, Еңбек ауылдық округі, Еңбек ауылынан солтүстік - батысқа қарай 25 шақырымда	300	100
Аршалы ауданы				
15	Есіл өзені	Аршалы ауданы	500-1000	50-100
16	Есіл (Ишим) өзені арнасының учаскесі	Аршалы ауданы, Жібек жолы ауылының аумағында	500	50
17	Есіл өзенінің оң жақ ағысы – атауы жоқ кіші өзенінің учаскесі	Аршалы ауданы, Родники ауылынан солтүстік-батысқа қарай 2,7 шақырым, Еңбектас алаңына іргелес аумақта	500	35
18	Жібек жолы ауылының аумағындағы атауы жоқ көлдері	Аршалы ауданы, Жібек жолы ауылының аумағында	300	50
19	Бірсуат көлі	Аршалы ауданы, Бірсуат ауылдық округі, Бірсуат ауылынан 7 шақырымда, Ақтасты өзенінде	500	100
20	Батпақкөл көлі	Аршалы ауданы, Ақбұлақ ауылдық округі	500	100
21	Жалтыркөл көлі	Аршалы ауданы, Жібек Жолы ауылдық округі	500	35
22	Үлкен Сарыоба көлі	Аршалы ауданы, Сараба ауылдық округі, Береке ауылынан 4 шақырымда	500	35
23	Айдарлықөл көлі	Аршалы ауданы, Ижев ауылдық округі, Ижевское ауылынан 7,4 шақырымда	300	100

24	Әлихан бөгеті	Аршалы ауданы, Сараба ауылдық округі, Сараба ауылынан солтүстік - шығысқа қарай 1,72 шақырымда	500	50
25	Шелқар көлі	Аршалы ауданы, Михайлов және Сараба ауылдық округтерінің аумағында	500	35
25-1	Үлкен Барлықөл көлі	Аршалы ауданы, Жібек жолы ауылдық округі, Бабағай станциясынан оңтүстік-батысқа қарай 9,5 шақырымда	500	100
25-2	Есіл өзені ағысының ұзындығы 2 шақырым учаскесі	Аршалы ауданы, Аршалы кентінің оңтүстік-шығыс жағынан	500	35
Астрахан ауданы				
26	Есіл өзені	Астрахан ауданы	500-1000	50-100
27	Колутон өзені	Астрахан ауданы	500	35-100
27-1	Ағысы бар Алакөл көлінің учаскесі	Астрахан ауданы, Бесбидайық ауылдық округі	500	35
Атбасар ауданы				
28	Есіл өзені	Атбасар ауданы	500-1000	50-100
29	Жабай өзені	Атбасар ауданы	500	35-100
30	Жыланды өзені	Атбасар ауданы	500	35-55
31	Қайрақты өзені	Атбасар ауданы	500	35
32	Шұға өзенінің учаскесі	Атбасар ауданы, "Астана-Арқалық-Торғай-Ырғыз-Шалқар" автомобиль жолының 216,196 шақырымында орналасқан көпірді жобалау және салуға арналған учаскесі	500	35
33	Шортанбай өзенінің учаскесі	Атбасар ауданы, "Астана-Арқалық-Торғай-Ырғыз-Шалқар" автомобиль жолының 264,151 шақырымында		35

		орналасқан көпірді жобалау және салуға арналған учаскесі	500	
34	Жаркөл көлі	Атбасар ауданы, Ақан Құрманов ауылдық округі	500	50
35	Қарамырза көлі	Атбасар ауданы, Николаевское өзенінің ескі арнасында	300	50
36	Сочинское су қоймасы	Атбасар ауданы, Сочинский ауылдық округі, Сочинское ауылы, Шортанбай өзенінде	500	100
37	Сепе тоғаны	Атбасар ауданы, Жолан өзенінде	300	50
Біржан сал ауданы				
38	Атансор көлі	Біржан сал ауданы	500	35-75
39	Тұзды көлдің учаскесі (атауы жоқ)	Біржан сал ауданы	500	35
Бұланды ауданы				
40	Аршалы өзені	Бұланды ауданы	500	35-55
41	Баксұқ өзені	Бұланды ауданы	500	35-55
42	Атауы жоқ өзеннің (Сухая балка өзені) арнасындағы учаскесі	Бұланды ауданы Қараөзек ауылдық округі Байсуат ауылының маңында	500	50
42-1	Қайрақты өзенінің ұзындығы 400 метр учаскесі	Бұланды ауданы, Вознесенка ауылдық округі, Вознесенка ауылы	500	35
42-2	Ярославское көлі	Бұланды ауданы, Журавлев ауылдық округі, Ярославка ауылынан 1,58 шақырымда	300	100
Бурабай ауданы				
43	Қылшақты өзені	Бурабай ауданы	500	35-100
44	Аршалы өзені	Бурабай ауданы	500	35-40
45	Аршалы өзенінің ұзындығы 3	Бурабай ауданы, Успенюрьев ауылдық округі, Николаевка ауылынан		100

	шақырым учаскесі ( Николаевка ауылына жақын)	оңтүстік-шығысқа қарай 2,3 шақырымда	500	
46	Қатаркөл көлі	Бурабай ауданы	500	35-100
47	Щучье көлі	Бурабай ауданы	500	35-100
48	Кіші Шабакты көлі	Бурабай ауданы	500	35-90
49	Үлкен Шабакты көлі	Бурабай ауданы	500	35-100
50	Бурабай көлі	Бурабай ауданы	500	35-100
51	Жөкей көлі	Бурабай ауданы	500	35-75
52	Майбалық көлі	Бурабай ауданы	300	50-90
53	Қараүңгір көлі	Бурабай ауданы	500	35-80
54	Текекөл көлі	Бурабай ауданы, Үлкен Шабакты көлінен 500 метр солтүстікке қарай	300	50
55	Алакөл көлі	Бурабай ауданы, Златополье ауылдық округі, Златополье ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 5 шақырымда	500	35
56	Шыбындыкөл көлі	Бурабай ауданы, Успеноюрьев ауылдық округі, Райгородок ауылынан солтүстікке қарай 70 метрде	500	100
57	Атауы жоқ көл	Бурабай ауданы, Абылайхан ауылдық округі, Ескі Қарабауыр ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 3,4 шақырымда	300	35
58	Лавочное көлі	Бурабай ауданы, Успеноюрьев ауылдық округі, Успеноюрьев ауылының батыс жағынан	300	35
59	Қайыңдыкөл көлі	Бурабай ауданы, Успеноюрьев ауылдық округі, Қарағай ауылының батыс жағынан	300	35

60	Қояндыкөл көлі	Бурабай ауданы, Успенюрьев ауылдық округі, Клинцы ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 2,73 шақырымда	500	35
Ерейментау ауданы				
61	Селеті өзені	Ерейментау ауданы	500	35-100
62	Зимбұлак (Шымбұлак) өзені	Ерейментау ауданы	500	35
63	Жобаланып отырған "Ерейментау қаласы ауданындағы қуаты 50 МВт жел электр станциясына" көпір мен кіре беріс жол салу үшін жер учаскесінің тұстамасындағы Зимбұлак өзені	Ерейментау ауданы, Ерейментау қаласынан оңтүстік-шығысқа қарай 2 шақырымда	500	35
64	Жобаланып отырған "Ерейментау қаласы ауданындағы қуаты 50 МВт жобаланатын жел электр станциясының" қуат беру желісі мен арттыру қосалқы станциясы орналасқан жер учаскесі тұстамасындағы Зимбұлак өзенінің оң жағалауы бойынша учаскесі	Ерейментау ауданы, Ерейментау қаласының шегінде	500	35
65	Кедей өзенінің ағысы, атауы жоқ тартылу үстіндегі өзенінің учаскесі	Ерейментау ауданы, Бестоғай ауылдық округі (шығыс бойлықтың № 1 нүктесінің координаттары шегінде шығыс бойлықтың 72° 34'42.99" және солтүстік ендік 51° 52'3.44" – № 2 нүктесі шығыс бойлықтың 72°		35



		34'5.7" және солтүстік ендік 51° 50'29.39")	500	
66	Теңіз көлі	Ерейментау ауданы, Өлеңті ауылдық округі, Сарыадыр ауылынан солтүстік-батысқа қарай 10,5 шақырымда	500	100
67	Көбейтүз көлі	Ерейментау ауданы, Өлеңті ауылдық округі, Сарыадыр ауылынан солтүстік-батысқа қарай 6,7 шақырымда	500	35
68	Қоржынкөл көлі	Ерейментау ауданы, Өлеңті ауылдық округі, Қоржынкөл станциясынан солтүстік-батысқа қарай 5,5 шақырымда	500	100
69	Жарсор көлі	Ерейментау ауданы, Ерейментау қаласынан солтүстік-шығысқа қарай 40 шақырымнан астам	500	35
70	Үлкен Шарықты көлі	Ерейментау ауданы	500	35
70-1	Өлеңті өзені	Ерейментау ауданы	500	35-38
Есіл ауданы				
71	Есіл өзені	Есіл ауданы	500-1000	50-100
72	Қызылсу өзені	Есіл ауданы	500-550	35-41
Жақсы ауданы				
73	Есіл өзені	Жақсы ауданы	500-1000	50-100
74	Терісаққан өзені	Жақсы ауданы	500	35-100
75	Қамысақты өзені	Жақсы ауданы, Терісаққан ауылының маңында	500	75
76	Белағаш су қоймасы	Жақсы ауданы	500	35-50
77	Шұңқыркөл су қоймасы	Жақсы ауданы	500	75
Жарқайың ауданы				
78	Есіл өзені	Жарқайың ауданы	500-1000	50-100
79	Терісаққан өзені	Жарқайың ауданы	500	35-100

80	Коко өзені	Жарқайың ауданы	500-550	35-42
Зеренді ауданы				
81	Шағалалы өзені	Зеренді ауданы	500	35-100
82	Айдабол көлі	Зеренді ауданы, Викторовка ауылы	500	35-90
83	Зеренді көлі	Зеренді ауданы, Зеренді ауылы	500	35-80
84	Құмдықөл көлінің учаскесі	Зеренді ауданы, Приречное ауылдық округі, Павловка ауылынан шығысқа қарай 3 шақырымда, "Құмдықөл" кен орнын өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу үшін жер қойнауы учаскесі аумағының географиялық координаттары тұстамасында (№1 солтүстік ендігі 53°08'22.52", шығыс бойлығы 68°57'25.02 "; №2 солтүстік ендігі 53°08'12.56", шығыс бойлығы 68°58'19.70")	500	75
85	Подлесненское су қоймасы	Зеренді ауданы, Бәйтерек ауылдық округі, Бәйтерек ауылының маңында	300	35
Қорғалжын ауданы				
86	Нұра өзені	Қорғалжын ауданы	1000	35-100
87	Сұлтанкелді көлі	Қорғалжын ауданы	500	35-50
88	Теңгіз көлі	Қорғалжын ауданы	500	50
89	Алакөл көлі	Қорғалжын ауданы, Арықты және Кеңбидайық ауылдық округтерінің аумағында	500	100
Сандықтау ауданы				
90	Жабай өзені	Сандықтау ауданы	500	35-100
91	Жыландинка өзені	Сандықтау ауданы	500	35-55
92	Сарқырама өзені	Сандықтау ауданы	500	35-55
93	Құмдықөл көлі	Сандықтау ауданы	500	35-75

94	Жақсы-Жалғызтау көлі	Сандықтау ауданы	500	35-100
Целиноград ауданы				
95	Есіл өзені	Целиноград ауданы	500-1000	50-100
96	Нұра өзені	Целиноград ауданы	1000	35-100
97	Қозыкөш өзенінің сол ағыны болып табылатын Мұқыр өзенінің учаскесі	Целиноград ауданы	500	35
98	Қозыкөш өзенінің учаскесі	Целиноград ауданы	500	35
99	Сарқырама және Қозыкөш өзендерінің учаскелері	Целиноград ауданы, Қаражар ауылының оңтүстік-батысынан 200 метр қашықтықта орналасқан жер учаскесінің тұсында	500	35
100	Ескі Сарқырама өзенінің учаскесі	Целиноград ауданы, Тайтөбе ауылының жобаланатын электр беру желісінің өту учаскесі	500	35
101	Қызылсай өзенінің учаскесі	Целиноград ауданы, Қабанбай батыр ауылдық округі, "АлтынБедел" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Жуантөбе учаскесі	500	35
102	Қозыкөш өзенінің (оң жағалауы) учаскесі	Целиноград ауданы, Қараөткел ауылының батыс жағынан	500	35
103	Қозыкөш өзенінің ұзындығы 2,5 шақырым учаскесі	Целиноград ауданы, Қараөткел ауылдық округі, Қаражар ауылынан оңтүстікке қарай 3,6 шақырымда	500	50
104	Зоревка көлі	Целиноград ауданы, Приреченский ауылдық округі	300	75-100
105	Әулиетай көлінің учаскесі	Целиноград ауданы, Қараөткел ауылдық округі, Қараөткел ауылынан солтүстікке қарай 2,5 шақырымда	180-300	35

106	Ақ үй бөгеті	Целиноград ауданы Приреченский ауылдық округі	500	35-75
107	Соленая Балка бөгеті	Целиноград ауданы, Қоянды ауылдық округі, Тимофеевка ауылының оңтүстігіне қарай 5,5 шақырымда	300	75
108	Атауы жоқ бөгет	Целиноград ауданы, Софиевка ауылдық округі	300	35-50
109	Қоянды су коймасы	Целиноград ауданы, Қоянды ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 4,2 шақырымда	500	35
109-1	Дәмира көлі	Целиноград ауданы, Қабанбай батыр ауылдық округі	300	35
109-2	Үшкөл көлі	Целиноград ауданы, Қабанбай батыр ауылдық округі	300	35
109-3	Қарасу өзені	Целиноград ауданы	500	35
Шортанды ауданы				
110	Селеті өзені	Шортанды ауданы	500	35-100
111	Қолутон өзені	Шортанды ауданы	500	35-100
112	Атауы жоқ өзеннің арнасы учаскесі ( Колутон өзенінің ағыны)	Шортанды ауданы Алтай ауылының маңында	500	50
113	Жолымбет кен алаңының қапталдары учаскеде орналасқан Ащылыайрық өзенінің учаскесі	Шортанды ауданы	500	35
114	Дамса өзенінің учаскесі	Шортанды ауданы, Дамса ауылдық округі, Дамса ауылы, "Ақмола облысы Шортанды ауданы Дамса ауылында орталық қазандық және жылу желілерінің құрылысы" жобаланып жатқан объектіден солтүстік-шығысқа		35

		қарай 0,9 шақырымда	500	
115	Дамса өзенінің учаскесі	Шортанды ауданы, Дамса ауылдық округі, Шортанды кентінің оңтүстік жағынан	500	35
116	Бозайғыр көлі	Шортанды ауданы	500	50-75
117	Барышевқа көлі	Шортанды ауданы, Бектау ауылдық округі, Бектау ауылынан 5 шақырымда	300	100
118	Большая Балка бөгеті	Шортанды ауданы, Дамса және Бозайғыр ауылдық округтерінің шекарасында, Степное ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 8 шақырымда	300	100
119	Ключи (Взрыв) тоғаны	Шортанды ауданы, Бозайғыр ауылдық округі, Ключи ауылынан 5 шақырымда	300	50